

Орал қаласы білім бөлімі

«Дельфин» бөбекжайы

Интеллектуалды ойын.

«Ұшқыр қиял жетегінде »

(мектепалды дайындық тобы)

Дайындаған : Губашева Қ.Н.

педагог-психолог

Сабақтың тақырыбы: «Ұшқыр қиял жетегінде» интеллектуалды ойын.

Мақсаты: балалардың тіл дамыту, айналамен танысу, математика, көркем әдебиет сабақтарынан өткен тақырыптардан сұрақтар беріп, білімдерін тиянақтау.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру. Жарысқа алты бала қатысады.

2. Интеллектуалды ойын.

- Балалар, жарысты бастамас бұрын, ойынның шартымен таныстырамын. Ойын 4 турдан тұрады.

1 тур. Тіл дамыту, айналамен танысу, математика сабағынан болады. Барлығы 12 сұрақ берілген. Алты балаға екі сұрақтан келеді.

2 тур. Көркем әдебиет сабағы. Тақтадағы суреттің қай ертегі екенін айтамыз. 2 турдан кейін ұпайы аз екі бала ойыннан шығады.

3 тур. Топтастырылып берілген Нелер? деген сұраққа жауап береміз. 3 турдан кейін ұпайы аз екі бала ойыннан шығады.

4 тур. Бұл турда қалған екі балаға логикалық тапсырма беріледі. Қай бала дұрыс жауап берсе, сол бала жеңіске жетеді.

Ескертетін жат. Сұрақтарға қол көтеріп жауап береміз. (Слайдта барлық сұрақтар жазылып, суреттер көрсетіледі.)

I тур

Тіл дамыту	Айналамен танысу	Математика
1. Бұл қай құс? <i>(Қарлығаш)</i>	1. Суретте адамның қай мүшесі бейнеленген? <i>(Көз)</i>	1. Тақтада неше алмұрт тұр? <i>(Екі)</i>
2. Бұл қай аң? <i>(Аю)</i>	2. Суретте кімді көріп тұрсың? <i>(Дәрігер)</i>	2. Тақтада 4 балапан тұр. Тауық келіп бір балапанды алып кетті. Неше балапан қалды? <i>(Үш балапан қалды)</i>
3. Суреттен нені көріп тұрсың? Түсі қандай? <i>(Шар. Түсі көк)</i>	3. Мынау қандай ыдыс? <i>(Шәйнек)</i>	3. Мынау қандай фигура? <i>(Төртбұрыш)</i>
	4. Мынау не? <i>(Ұя)</i>	4. Мынау не және түсі қандай? <i>(Жапырақ, түсі жасыл)</i>
		5. Мынау қандай фигура? <i>(Үшбұрыш)</i>

II тур**III тур***Барлық суреттер тақтада көрсетіледі*

Көркем әдебиет

Қай ертегі?

1. Мақта қыз
2. Шалқан
3. Дәуіт пен қарлығаш
4. Бауырсақ ертегісі
5. Алтын балық
6. Қарлығаштың құйрығы неге айыр?

Топтастырып айту. Нелер?


1. Ыдыстар
2. Құстар
3. Аңдар
4. Жемістер

IV тур. Ұпайы көп екі балаға арналған логикалық тапсырмалар.

1. Қайсысы алма?



2. Орамалдың өзіне келетін жамауды қой



Міне, балалар, қазір қолдарыңдағы жұлдыздарыңда санаймыз. Кімнің жұлдызы көп болса, сол бала «Лидер» болады. Лидер анықталды. Осымен сабағымыз аяқталды.